# Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет | 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады | 16 мамыр /БЕЙСЕНБІ / 2019 жыл

№70 (19748)





САПАР/2

Жастарды қолдаудың өңірдегі өрісі



БРИФИНГ/3

Академик атындағы байқау



ШАРА/4

Отбасы – басты құндылық


### Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

# «Сыр бойы – елдің әл-ауқатын еселеп, халқымыздың бақ-берекесін арттырған өңір»

**СЕЙСЕНБІДЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН ОБЛЫСҚА КЕЛДІ. САПАР БАРЫСЫНДА МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ӨНДІРІСТІК-ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫ АРАЛАП, ШАҺАРДЫҢ СОЛ ЖАҒАЛАУЫНЫҢ ДАМУ ЖАҒДАЙЫМЕН ТАНЫСТЫ ЖӘНЕ ОБЛЫС ЖҰРТШЫЛЫҒЫМЕН ЖҮЗДЕСТІ. ПРЕЗИДЕНТ АЛДЫМЕН ОБЛЫСТЫҚ КӨПБЕЙІНДІ БАЛАЛАР АУРУХАНАСЫНДА БОЛДЫ.**



### БАЛА САУЛЫҒЫ БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

2017 жылы ашылған ауруханада 8 клиникалық, 3 хирургиялық бейімдегі бөлімше және 30 төсекке арналған күндізгі стационар мен мейіргерлік күтім бөлімшелері бар. Сондай-ақ, мұнда бір ауысымда 300 бала қабылдайтын кеңес беру диагностикалық бөлімшесі де жұмыс жасайды. Медициналық нысан еліміздегі үздік 5 аурухананың қатарына енген.

Мемлекет басшысына аурухана қызметін бас дәрігері Зоя Көшенова айтып берді. Балалар ауруханасы ашылғалы бері ата-аналар сәбиінің саулығына шипа іздеп Астана, Алматы қалаларына сабылмайтын болған. Себебі, соңғы үлгідегі медициналық диагностикалық құрал-жабдықтар тұрғындардың сапалы көмекті осы жерден алуына толық мүмкіндік береді.

– Өңірде балаларға көрсетілетін медициналық қызмет сапасын жақсарту, сәби өлімінің алдын алу, аурушаңдықты төмендету, мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру және медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық базасын жақсарту мақсатында арнайы Жол картасы әзірленіп, сол бойынша ауқымды жұмыстар атқарылуда. Реабилитациялық, полиативті көмекті жақсартуға баса назар аударылуда, – дейді бас дәрігер.

Сондай-ақ, балалар хирургиясын жетілдіру мақсатында ота жасау аясы кеңейіп, бірнеше ота түрі алғаш рет жасалды. Жалпы облыста балалар хирургиясы бойынша 903 бала ем қабылдап шықса, 650 балаға ота жасалған. Туа бітті ақауы бар нәрестелерді аман алып қалу үшін неонатальды хирургияны жетілдіруге күш салынды. Мәселен, былтыр дәрігерлер жаңа туған 93 шақалақты өлім аузынан алып қалды. Осындай ауқымды жұмыстардың нәтижесінде аймақта сәби өлімі 20 процентке азайған.

2-бет.

# Жалағашта жаңа аурухананың іргетасы қаланды

**Жалағаш кентіндегі ескірген орталық аурухананың орнына жаңасы салынады. Ғимараттың іргетасын қалау рәсіміне кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысты.**

**Аудандық емханаға жапсарлас орналасқан медициналық нысанның жалпы құны – 3,5 млрд теңге. Типтік жобадағы үшқабатты аурухана терапия, хирургия, реанимация, босану-гинекология, қан алу сияқты бірнеше бөлімді қамтиды. Мұнда шамамен 20 дәрігер, 60 медбике, 30 техникалық қызметкер еңбек етеді.**

**Ауданға сапары кезінде аймақ басшысы жергілікті жұрттың көптен күткен қуанышына ортақтасты.**

**Назерке САНИЯЗОВА.**



– Өңірге жұмыс сапарымен келген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев біздегі кәсіпкерлік, индустрияландыру, құрылыс салаларының жұмысын оң бағалады. Бұл бағалауда туған жерді дамытудағы баршаңыздың үлесіңіз бар. Бүгін сол игілікті істі жалғастырып, халыққа сапалы медициналық көмек көрсету мақсатында 100 орындық жаңа аурухана құрылысын бастағалы отырмыз. Бұл әлеуметтік саладағы маңызды бағытқа әрдайым басымдық берілетінін көрсетеді, – деді облыс әкімі.

Аурухананың іргетасын қалау рәсімінде сала ардагері Сахы Қалыбаев өзекті мәселенің шешілуіне ықпал еткен аймақ басшысына алғыс білдірді. Аудан тұрғындары үшін жаңа нысанның маңызы айрықша екенін айтып, батасын берді.

Орталық аурухананың бас дәрігері Әсия Бекбергенованың айтуынша, бұрынғы ғимарат жиырма жылдан астам уақыт бұрын асар әдісімен салынған. Апатты жағдайда деп танылғалы бері аудан тұрғындарының алаңдаушылығын туғызған еді. Енді, міне, жаңа аурухана салу қажеттілігі оң шешімін тауып отыр. Ауқымды жұмысты құрылыс саласындағы тәжірибелі компания – «Әбу-Сер» ЖШС атқарып, келесі жылы ел игілігіне ұсынуға ниетті.

Бұған дейін, 2015 жылы Жалағаш кентінде 250 келушіні қабылдайтын типтік жобадағы үшқабатты емхана ғимараты бой көтерген болатын. Ол заман талабына сай медициналық құрылғылармен жабдықталған. 36 мыңға жуық жергілікті халыққа, бұлардан бөлек, 4 ауылдық аурухана, 10 дәрігерлік амбулатория, 4 фельдшерлік-акушерлік, 3 медициналық бекет қызмет көрсетеді.

3-бет.

# Айбибі, Айша, Ақнұр

**Шиелілік Жандос Мақатаев пен Жазира Ертаеваның отбасында 1 мамыр күні үш бірдей қыз бала дүниеге келді. Оларға Айбибі, Айша және Ақнұр деген есім берілді.**

**Айнұр БАТТАЛОВА.**



Облыстық перинаталды орталықта аман-есен нәрестелерін дүниеге әкелген Жазира екі аптадай ауруханада жатты. Осы уақытта ол мерзімінен бұрын туылған нәрестелермен бірге дәрігерлер бақылауында болды.

– Жүктіліктің 12 аптасында кезекті УДЗ-ға түстім. Сонда маған құрсағымда үш бала бар екенін айтты. Жолдасым екеуміз сенер-сенбесімізді білмедік, бірақ Алланың берген сыйы ғой, қатты қуандық. Жүктіліктің 35 аптасында ота арқылы босануыма тура келді. Ана мен бала орталығы мамандарының көмегімен аман-есен аяқ-қолымды бауырыма алдым. Алғашқы екеуі екі келіден сәл ғана асып туылса, үшіншісі тіпті екі келіге де жеткен жоқ. Қазір жағдайлары жақсы, – дейді Жазира.

Мақатаевтар отбасында енді төрт қыз бала болды. Тұңғыштары Айару 3 жаста.

Халықаралық «Отбасы күні» мерекесіне орай үшемдер салтанатпен үйлеріне шығарылды. Шиелі ауданы әкімдігі мен ауданаралық аурухана сәбилерге қоларба сыйласа, облыстық перинаталды орталық атынан киім-кешектер жиынтығы тарту етілді.

Шиелі ауданаралық ауруханасы бас дәрігерінің орынбасары Бақтығүл Мұсағалиеваның айтуынша, бұл ауданда соңғы он жылда дүниеге келген үшем екен. Ал жыл басынан бері бұған дейін жаңақорғандық Үсеновтер отбасында да үшем өмірге келген еді. Бір ғажабы, олар да үш бірдей қыз бала болатын.

Жалпы, жыл басынан бері ана мен бала орталығында 3621 нәресте дүниеге келсе, соның 46-сы егіздер.


БАСПАСӨЗ – 2019



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

**2019 жылдың екінші жартыжылдығына “Сыр медиа” ЖШС қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде.**

“Сыр бойы” газетіне жазылу бағасы:
**жекелер үшін: 6 айға – 3000 теңге.**
**Мекемелер үшін: 6 айға – 4000 теңге.**

**Ел және жаһан жаңалықтарын, жедел әрі нақты ақпаратты газет сайтынан да таба аласыз.**



*Серіктестікке қарасты газеттерге барлық аудандық редакцияларда және баспасөз бөлімінде (Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А» мекен-жайында) жазылуға болады. Ұжымдық және аталған мекенжайға келуге мүмкіндігі жоқ оқырмандарға бөлім қызметкерлері барып қызмет көрсететінін еске саламыз.*

### Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

# «Сыр бойы – елдің әл-ауқатын еселеп, халқымыздың бақ-берекесін арттырған өңір»





## ЖҰМЫСЫ ШИРАҚ «ЖАН -АРАЙ»

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жан-Арай» ЖШС-ның күріш өңдеу ісіне мамандандырылған агроиндустриялық кешеннің жұмысымен танысты. Сол жерде өңірдің ауыл шаруашылығы тауарөндірушілерімен кездесті.**

Соңғы 6 жылда облыстың ауыл шаруашылығы өндірісі кешеніндегі экспорттталатын өнім түрі 3-тен 15-ке дейін артты. Былтырғы жылдың қорытындысы бойынша экспорттың 97%-і қайта өңделген өнім үлесіне тиесілі. Облыстың агроөнеркәсіп кешенін дамыту үшін әзірленген «Агрокартада» экспорттың өсуі және қауіпсіздігіне қатысты бағыт нақтыланған.

«Жан-Арай» ЖШС күріш өңдеу және құрама жем зауыттары тәулігіне 150 тонна күріш, 170 тонна ұн өңдейді және 80 тонна құрама жем өндіреді. Кәсіпорында 300-ге жуық адам жұмыс істейді.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жүзеге асқан жоба – серіктестіктің құрама жем зауыты. Инновациялық технологияларды пайдаланатын зауыт күрішті ақтап қана қоймай, қалдығынан мал азығын әзірлейді. Мұнда күріш жыл бойы ақталады. Серіктестік басшысы Бағдәулет Мақашевтың айтуынша, күрішті ақтап, қаптап қойғаннан өнім салмағын жоғалтып, сапасы төмендейді. Сондықтан қара күрішті тапсырысқа орай жыл он екі ай бойы ақтау жолға қойылған. Тапсырыс болған кезде тәулігіне 2 вагон күріш ақтап беруге мүмкіндік бар. Кешен қоймаларындағы қара күріштің қоры күзге дейін жетеді. Қоймалар күннің ыстығында дақылдың ылғалдылығын сақтап қалуға ыңғайланып жабдықталған.

Германиядан әкелінген күріш зауыты толық автоматтандырылған. Онда 5 түрлі сорт ақталады. Жыл сайын 6 шаруашылық екі тарапқа да тиімді шарттармен 7 мың гектардай жерге күріш егеді.

Серіктестіктің құны 60 млн теңге тұратын ет бағытындағы қаз, үйрек өсіру жобасы нәтижесін берді. 10 гектар жерге егілген алма бақ алдағы жылы жеміс бере бастайды. Кешенде кәсіпкерлерді өндірістен қол үзбей оқыту да жолға қойылған. Енді макарон цехы мен тез дайындалатын күріш лапшасын шығару қолға алынбақ.

Қазақстан Президенті шаруашылық басшыларымен әңгімелесіп, бұл саланы өркендетудің басты бағыттарын атап көрсетті.

– Ауыл шаруашылығы – әлеуеті өте зор, стратегиялық маңызды сала. Бұл саладағы мәселелерді жақсы білеміз. Мемлекет оларды шешудің барлық мүмкіндіктерін қарастырады, – деді Мемлекет басшысы.

Кездесуде «Агрохолдинг Қызылорда» ЖШС басқарушы директоры Манарбек Еспанов:

– Соңғы жылдары енгізілген технологияның, техниканың жаңа түрлері шаруашылықтардың жағдайын жақсарта түсті. Осы жерде өзіңізбен кездесуге келген әріптестерім елдің азаматтарына жұмыс беріп, ауылдың әлеуетін арттыруға бар күшін, білімін жұмсап келеді. Сіздің сапарыңыз жерге дән себіліп, ел ырзық-несібесіне негіз қалап жатқан уақытпен тұспа-тұс келді, – деді.

## СӘУЛЕТ ПЕН ДӘУЛЕТ

**Сапар барысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жалпы аумағы 1532 гектарды құрайтын сол жағалаудың даму барысымен танысты. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев шаһардың ҚР Үкіметі бекіткен бас жоспарын көрсетіп, қазір сол жағалауда «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында 460 пәтерлік 8 тұрғын үйдің құрылысы аяқталуға жақын екенін жеткізді.**

– Бүгінде Қызылорда қаласында 280 мыңға жуық адам тұрады. 2025 жылға қарай тұрғындар саны 350 мыңға жетеді деп жоспарланып отыр. Сондықтан тұрғын үй құрылысын дамыту үшін қосымша аумақтар қажеттілігі туындады. Қазір мұнда әлеуметтік және коммерциялық сипаттағы 1190 пәтерлік қосымша 28 тұрғын үйдің құрылысы басталды. Жалпы, сол жағалаудағы 3 тұрғын үй ауданында биыл 2340 пәтерлік 50 тұрғын үй салынады. Оның ішінде 431 пәтер аз қамтылған көпбалалы отбасыларға беріледі, – деді Қырымбек Көшербаев.

1-бет.

Аймақ басшысы, сондай-ақ, облыста мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің әлеуеті артқанын, тың тәжірибе табысты жүзеге асып отырғанын атап өтті. Тиімді әріптестік аясында қаланың жаңа бөлігінде де құрылыс қарқындағанына тоқталды. Қазір «Болашақ» университеті кампусының құрылысы жүріп жатқанын, 2019-2020 жылдары емханасы бар көпсалалы аурухана, отбасылық медицина орталығы, жатақханасы бар физика-математикалық мектеп, жеке мектеп және тағы басқа әлеуметтік маңызы бар нысандар бой көтеретінін баяндады. Қасым-Жомарт Тоқаев бұл ретте Қызылорда облысының құрылыс саласындағы көрсеткіші жоғары екенін атап өтіп, шаһардың өркендеп келе жатқанына тоқталды.

– Қала құрылысына осы саладағы үздік тәжірибелерді қолдану керек. Жаңа технология мен құрылыс материалдарын пайдаланып, «Ақылды қала» (Smart City) жүйесінің компоненттерін белсенді түрде енгізу қажет, – деді Қазақстан Президенті.

Иә, бүгінде жаңа қала келбетін келістірудегі бастамалар жайлы ауыз толтырып айтуға болады. Мұндағы тірлік қызу. Тиісті инфрақұрылым жүргізілген. Жуырда 320 орындық балабақшаның іргетасы қаланды. Енді дарияның арғы бетінен салынған үйлерге қоныс аударатын тұрғындар «Баламызды қай балабақшаға орналастырамыз?» деп те әбігерге түспейді. Бұдан бөлек, сол жағалау аймақтық «Рухани жаңғыру» орталығының орналасуымен ерекше. Тарих тылсымынан сыр тартып тұрған ғимарат 1925 жылы бұған дейін «қырғыз-қайсақ» атанып келген ұлтымызға «Қазақ» атауын қайтарып беру туралы тарихи шешім қабылданған Қазақ Орталық Атқару комитеті ғимаратының сызба-нұсқасы негізінде салынған. Мәдени орталық Елбасы мақаласында басымдық берілген бағыттарды жүзеге асыру мақсатында «Атамекен», «Рухани қазына», «Тәрбие және білім», «Ақпараттар толқынында» секілді түрлі жобаны қолға алған. Ғимаратта қала тарихына арналған мұражай да бар. Қасым-Жомарт Тоқаев осы мұражай экспозициясымен танысты. Айта кетейік, өткеннен өнеге беретін мұражай 3 залдан тұрады, мұнда Қызылорда қаласының қалыптасу тарихына қатысты 800-ге жуық жәдігер қойылған.

## ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУДЫҢ ӨҢІРДЕГІ ӨРІСІ

**Жуырда ғана Сырдарияның сол жағалауында бой көтерген Жастар орталығында Президент жастармен жүздесті.**

Кездесу кезінде Санкт-Петербург мемлекеттік өнеркәсіптік технологиялар және дизайн университетінің түлегі Жазира Смаилова мемлекеттің жастарға қамқорлығы мен қолдауы үшін ризашылығын білдірді. Жазира Мәскеу мен Санкт-Петербургтың жетекші техникалық жоғары оқу орындарында Ресей Федерациясы Үкіметінің қаражаты есебінен білім алған 500-ге жуық қызылордалық жастың қатарынан. Бүгінде ол – Жаңақорғандағы «СКЗ-U» күкірт қышқылы зауытының инженер-технологы.

– Аймақ басшылығының қолдауымен сырбойылық мектеп түлектері 2014 жылдан Ресейдің алдыңғы қатарлы техникалық жоғары оқу орындарында білім ала бастады. Осындай қолдауға ие болған жастардың қатарынан табылғаныма қуаныштымын, – деді жас маман.

Еске салайық, былтыр 32 түлек оқуын тәмамдап, жергілікті кәсіпорындарда еңбек етуге кірісті. Биыл тағы 132 білім алушы оқуын бастайды деп жоспарланып отыр. Осы орайда облыс әкімі Қырымбек Көшербаев 900-ге жуық дарынды да талапты ауыл баласына арнайы білім гранттары бөлінгенін атап өтті. Бүгінде олар еліміздің озық жоғары оқу орындарында өңірге қажетті мамандықтарды меңгеруде. Одан бөлек, 4,5 мыңнан астам жерлесіміз «Серпін» бағдарламасы аясында орталық, шығыс солтүстік аймақтардың оқу орындарында оқып жатыр.

Мемлекет басшысымен кездесуде аралдық Қасым-Жомарт Сайлаубаев сөз сөйледі. Ол өз есімінің ел ағасының құрметіне қойылғанын және мұны мақтан тұтатынын жеткізді. Он тоғыз жастағы Қасым-Жомарт қазіргі күні Алматыдағы Қазақ-Британ техникалық университетінің бизнес мектебі факультетінде біліп алып жүр. Оқуды аяқтаған соң елге пайда әкелер мықты маман болып қалыптасуға асық.

Сонымен қатар, Президент тәулік бойы жұмыс істейтін Жастар орталығының тыныс-тіршілігімен танысты. Жаңа ғимарат құрылысы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі негізінде «ҚазГермұнай» біріккен кәсіпорны» ЖШС-нің демеушілігі арқылы жүргізілді. Мұнда интернет-кітапхана, антикафе, IT-парк, жаттығу және конференц залдары орналасқан.

## БАСТЫ МАҚСАТ – ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР САПАСЫН ЖАҚСАРТУ

**Жұмыс сапары аясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сырбойылықтармен кездесті. Кездесуге аймақтың зиялы қауым өкілдері, жергілікті атқарушы орган басшылары, мәслихат депутаттары, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, кәсіпкерлер, БАҚ өкілдері қатысты.**

– Қызылорда – қазақ атауын өзіне қайтарған тарихи қала. Сыр өңірі – ел қорғаған Жанқожа мен Текей батырлардың жері. Сыр елі – жыр елі, Нартай мен Нұртуған секілді Сыр сүлейлерінің елі, дәстүрлі өнеріміздің діңгегі. Бұл – қазақтың елордасы болған қала. Ұлттық мәдениеттің бастауы – алғашқы театр да осы қалада салынды. Сыр бойы – елдің әл-ауқатын еселеп, халқымыздың бақ-берекесін арттырған өңір. Қызылорда – халықтың тағдырлы шешімдері қабылданған қала,– деп қасиетті өлкенің ерекше тарихына тоқталып өтті.

Сыр елінде соңғы жылдары атап айтар жетістіктер аз емес. Ел дамуындағы қай салада болмасын жоғары көрсеткіш, өзгелерге үлгі етерлік тәжірибе бар. Нәтижелі жұмыс іс басындағы басшының тәжірибесі мен біліктілігін байқатса керек. Мемлекет басшысы атап айтқан жетістік – өңірде индустрияландыру аясында құны 150 млрд теңге болатын 24 жобаның жүзеге асқаны, мұнан бөлек, әлеуеті зор ауыл шаруашылығы, азық-түлік өндірісі, қызмет көрсету саласының дамуында айтарлықтай ілгерілеудің бар екендігі. Сонымен қатар бизнеске қолайлы аймаққа айналған өңірдің бұл бағыттағы жұмысы өзгелерге үлгі.

– Өңірде біраз жетістіктер бар. Мұны атап өту керек. Бұл тәжірибесі мол өңір басшысы Қырымбек Елеуұлының жұмысының нәтижесі,– деді ендігі сөзінде Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Кездесу барысында ел Президенті алдағы әлеуметтік-экономикалық бағыттағы жоспарлармен бөлісті. Қай кезде де биліктің халық алдындағы жауапкершілігі арта беретіндігін, басты мақсат – халықтың әл-ауқатын арттырып, өмір сапасын жақсарту екендігін тағы бір шегелей түсті. Бұл орайда өңірде алдағы уақытта шешімін табуы тиіс мәселелер нақтыланды.

– Аймақтағы азаматтардың жалақысын өсіру – Үкімет пен облыс әкімінің басты міндеті. Лайықты жалақы төлейтін жаңа жұмыс орындарын ашу ісіне баса мән беру керек, – деген Мемлекет басшысы бұл бағытта ірі кәсіпорындардың қуатын тиімді пайдалануды назарға ұсынды.

Азаматтардың еңбек құқығын сақтау да – қоғамдағы келелі мәселенің бірі. Әсіресе, шетелдік компанияларда еңбек ететін отандастарымыздың мүддесін қорғау маңызды болмақ.

Тиімді әлеуметтік қорғау жүйесі – халық талабы. Бұл орайда Мемлекет басшысы Елбасы жүргізген әлеуметтік саясаттың жалғасын табатындығын, Тұңғыш Президент бастамасымен іске қосылған барлық әлеуметтік бағдарламалар толық жүзеге асатындығы және ауқымы кеңейетіндігінен хабардар етті. Ел Президенті атап айтқандай, әлеуметтік саясатты одан әрі тиімді жүзеге асыруға қосымша 2 трлн теңге бөлінетін болды. Елімізде көпбалалы және тұрмысы төмен отбасыларға 40 мың жалдамалы пәтер салынады. Биылғы жылдың бірінші сәуірінен әлеуметтік жағдайы төмен азаматтарға жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік жәрдемақы төлене бастады. Бірінші маусымнан бастап бюджет саласы қызметкерлерінің жалақысы өседі. Осы мазмұндағы жақсы жаңалықты жұртшылықпен бөліскен Президент еңбек адамның екінші анасы екендігін атап айтып, халықты еңбек етуге шақырды. Ал, әлеуметтік көмек өз бетінше еңбек ете алмайтын адамдарға арналғанын көпшіліктің есіне салды.

Әлеуметтік сала бойынша аймақтың жетістігі аз емес. Мұны мемлекет басшысы атап айтты.

– Әлеуметтік салада облыстың біраз жетістігі бар. Көпбалалы және тұрмысы төмен отбасыларды қолдау мақсатында облыстың әлеуметтік жол картасы іске қосылған. Биыл «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында білім, денсаулық, мәдениет, жол құрылысы салаларында құны 1,7 млрд теңге болатын 60 жоба жоспарланған. Бұл шаралардың барлығы халық үшін, – деді Президент.

Ел экономикасын күшейтуде дамудың жаңа драйверлерін қалыптастыру қажет. Қуатты экономикаға қол жеткізудің маңыздылығын айтқан мемлекет басшысы индустрияландыру саясатының жемісті болғандығына тоқталып, ендігі кезекте шыны зауытының құрылысын аяқтауға тапсырма берді.

– Индустрияландыру саясаты өз жемісін берді. Бұл бағыт одан әрі жалғасады. 2013 жылдан бері Қызылорда облысында өңдеуші өнеркәсіп саласы екі есе өсті. Ірі цемент зауыты іске қосылды. «Шалқия» кен орнында қуатты комбинаттың құрылысы басталды. Бұдан бөлек облыстағы шыны зауытының құрылысын аяқтау қажет. «Бәйтерек» холдингі мен облыс әкімдігіне зауытты іске қосып, Қазақстанның алғашқы шынысын шығаруды тапсырамын, – деді Президент.

Облыс экономикасы құрылымында мұнай-газ саласының үлесі басым екендігі белгілі. Аймақтағы жалпы өндіріс көлемінің 70 процентке жуығы осы салаға тиесілі. Бірақ бүгінде мұнай кеніштерінің сарқылуы байқалып, шикізат өндіру көлемі жыл сайын төмендеп келеді. Демек, болашақта өндірісте жұмыс істейтін азаматтар үшін мәселе туындауы мүмкін.

Мемлекет басшысы осы проблеманы болдырмау үшін ресурстық базаны ұлғайту шараларын қолға алып, жаңа кен орындарын игеруді және кеніштерге тың технологияларды енгізуді тапсырды.

– Үкімет пен «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы және облыс әкімдігі бірлесе отырып тез арада мұнай-газ саласын дамытудың нақты стратегиялық жоспарын жасақтауы қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент өңір үшін жалпы өсімнің жаңа моделі қажеттігін айтып, Үкіметке аймақтың дамуына тың серпін беретін, жұмыс орындарын құратын жаңа экономикалық бағдарлама жасауды тапсырды.

Халықтың 42 проценті ауылдарда тұратынын ескерсек, ата қонысты өркендету назардан тыс қалмайды. Ауыл инфрақұрылымын жаңартатын кез келді. Жолдар, су құбырлары, электр желілері, мәдени-спорт кешендері жаңаруы тиіс. Бұл да ел Президентінің тілге тиек еткен мәселесінің бірі.

Қай кезде де ауыл шаруашылығы маңызды сала. Сыр елінде бұл саланы дамытуда айтарлықтай жетістік бар. Дегенмен, сала әлеуетін әлі де арттыру қажет. Ауылдарда жердің тек еңбек ететіндерге тиесілі болуы, салаға жаңа технология енгізу, берілетін субсидиялардың ашықтығы маңызды. Сондай-ақ агросекторды экспортқа бағыттау оңай болмағанмен, уақыт талабы. Бұл жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік. Өңірде бұл салада шешімін табуы тиіс мәселелердің бірі – жаңа су қоймаларын салу.

– Облыста ауыл шаруашылығы қарқынды дамып келе жатыр. Өткен жылы ауыл шаруашылығы өндірісіне 5,5 млрд теңге инвестиция құйылды. Күріштің он түрлі сорты өсіріліп, соңғы алты жылда өндіріс көлемі екі есе ұлғайды. Өңірде суармалы су тапшылығы бар. Сондықтан жаңа су қоймаларын салу керек. Бұл диқандарға аса қажет, – деген Мемлекет басшысы мәселені шешуде Үкімет пен әкімдікке тапсырма берді.

Ауылдан қалаға ағылған жастар мәселесі де назардан тыс қалмақ емес. Жастар жылында білімді де талапты жастарға қолдау аз болмайды. Соның бірі – президенттік кадрлық резервтің құрылатындығы. Оның құрамына байқау арқылы ең үздік 300 жас маман іріктеледі. Сондай-ақ – «Жас кәсіпкер» бағдарламасы аясында өз ісін бастаған жастарға қолдау көрсетілмек. Жұмыс өтілі де, тәжірибесі де жоқ жастарды қызметке ынталандыру, еріктілер форумын ұйымдастыру «Жастар жылында» жоспарланған маңызды шаралардың бірі. Ең маңыздысы, бұл жылда жастарға мүмкіндік пен қамқорлықтың аз болмайтындығы.

Өңірде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуда өзгелерге үлгі етерліктей нәтиже бар. Ел экономикасын алға жетелейтін негізгі күштің бірі саналатын кәсіпкерлікті қолдау алдағы уақытта да жалғаса бермек.

– Қызылорда облысы соңғы жылдары жергілікті бизнесті дамытуда мүмкіндігі мол екендігін дәлелдеді. Облыста үш жылдық шағын және орта бизнесті дамыту кезеңі жарияланды. Бір жылда жеке кәсіпкерлердің өнімі 15 процентке өсті. Бұл – жақсы көрсеткіш. Сол себепті былтыр Сыр өңірі бизнес жүргізу бойынша елдің үздігі атанды. Бұл тәжірибені республиканың басқа да аймақтарына қолдану керек. Кәсіпкерлер – экономиканың негізгі тіректерінің бірі, – деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ, инфрақұрылыммен қамтамасыз етуде аймақта жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді.

– Бұл бағытта тұрақты даму бар. Тұрғындар ауыз сумен қамтамасыз етілген. Аудандарға көгілдір отын жеткізілуде. Соңғы жылдары облыста 700 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, 15 жаңа шағын аудан бой көтерді. Апатты үйлер мен мектептер және үш ауысымда оқу мәселесі шешімін тапқан. 3-6 жас аралығындағы бүлдіршіндер мектепке дейінгі білім беру ұйымдарымен қамтамасыз етілген,– деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Сонымен қатар, Президент атап өткендей, облыс тұрғындарын Қызылода су торабы мен жылу-электр орталығының авариялық жағдайы алаңдатады. Үкімет әкімдікпен бірлесіп су торабын жөндеу, жылу-электр орталығын жаңғырту және өңірді одан әрі жылумен қамтамасыз ету мәселелерін жедел шешуі қажеттігін жеткізді.

Кіші Аралды сақтау, экология мәселесі – Мемлекет басшысының назарында.

– Елбасының бастамасы бойынша «Сырдария арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтап қалу» жобасы іске асырылуда. Осы жобаның және «Көкарал» бөгетінің арқасында кіші Аралдағы су қалпына келді. Бұл балық шаруашылығын жандандыруға септігін тигізді. Мұнда балық өнімдерін дайындайтын 8 зауыт жұмыс істеуде. Балық экспорты он есеге өсті. Экологиялық мәселелер мұнымен шектелмейді. «Көкарал» бөгетінің төменгі жағын Сырдария ағыны бұзып жатыр. Дереу мұны қолға алмасақ, кіші Аралдан айырылып қалуымыз мүмкін, – деген Президент Үкімет пен әкімдікке жедел шара қабылдауды тапсырды.

Тағы бір маңызды мәселе мұнай-газ және уран саласына қатысты. Бұл ретте өңірдегі кәсіпорындарға жаңа технологиялар орнатып, экологиялық қауіпсіздікті халықаралық стандарттарға сай ету, сонымен қатар тұрмыстық қалдықтарды жаңа әдіспен өңдеуді қолға алу, аймақтың ластануына жол бермеу, таза экологияға қол жеткізу де өте маңызды.

Байқоңырды ғарыш саласының негізі ретінде атап айтқан Мемлекет басшысы бұл кешен аймаққа жоғары технологияларды дамытуға мүмкіндік екенін жеткізді. Бүгінде Байқоңыр қаласының инфрақұрылымын жаңғырту жалғасын тауып, 30 жыл ішінде алғаш рет көпқабатты үй мен медициналық орталық салынды, бес бірдей білім ордасы қазақстандық білім стандартына көшті. Ендігі мақсат – ғарыш технологияларын ел мүддесі үшін қолдану.

Елімізде жүзеге асқан жобалар мен алдағы жоспарларды Сыр өңіріндегі жетістіктермен байланыстыра баян еткен Мемлекет басшысы кездесуге жиналғандарды емен-жарқын пікір алмасуға шақырды.

Өз кезегінде сырбойылықтар тарапынан ұсыныс-пікірлер айтылды. Кездесуде сөз алған Арал аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әбілбай Садықов Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Сыр өңірін тарап кетуден сақтап қалғаны және теңіздің қайта оралуына қамқорлық жасағаны үшін Арал халқының ризашылығын және Сыр еліне қонақ болуға шақыру сәлемін жеткізуін сұрады. Шиелі ауданы «Ақмая» шаруа қожалығының төрағасы Дәулет Жұмбеков Жақаев ізбасарларының биылғы жылы да мол өнім алу үшін жұмыла еңбекке кірiскенін және ауыл шаруашылығы саласын ілгерілетуге қатысты өз ұсынысын айтты. Сондай-ақ, кездесуде «Аралтұз» АҚ президенті Айдынбек Тауасаров, «Рухани жаңғыру» орталығының бөлім басшысы Әлима Әбдіхалықова саланы дамыту бойынша өз ұсынысын жеткізсе, мәнерлеп сырғанаудан халықаралық дәрежедегі спорт шебері Элизабет Тұрсынбаева елімізде спорт саласына жасалып жатқан қамқорлыққа көңіл толатындығын білдірді.

Кездесуде ел Президенті аймақ дамуына үлес қосқан бірқатар азаматтарды марапаттады. Атап айтқанда, «Сыр маржаны» ЖШС директоры М.Өтеев, облыстық көпбейінді аурухананың хирург дәрігері, сала ардагері А.Шүленбаев, «Бақ-Береке 2030» ЖШС директоры Қайрат Ерназаров, мәнерлеп сырғанаушы Элизабет Тұрсынбаева, «Нартай өнер мектебінің» директоры Мұхаммедәлі Бекпейісовке Президент алғысы табысталды.

## ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ТҰТҚАСЫ

**Сондай-ақ, ҚР Президенті «Қорқыт ата» мемориалдық кешеніне барып, музейдің жаңартылған экспонаттарымен танысты.**

Түркі әлеміне ортақ рухани ұстаз Қорқыт атаның құрметіне мемориалдық кешен Қармақшы ауданында 1980 жылдары салынған. 2014 жылы ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың тапсырмасымен кешенге қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, қосымша жаңадан зиярат ету нысаны салынған болатын. 2018 жылдың қараша айында Маврикий республикасының Порт-Луи қаласында ЮНЕСКО-ның 13-сессиясында Қорқыт ата мұрасын адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне енгізу туралы шешім қабылданды.

Мемлекет басшысының Сыр өңіріне сапары Байқоңыр қаласында қорытындыланды. Онда «Байқоңыр» кешенін дамыту мәселелері талқыланды.

**«Сыр бойының»**
**тілшілер тобы.**

САЙЛАУ-2019

**Қазір елімізде ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауын сапалы әрі әділ өткізу мақсатында заңға сәйкес жұмыстар атқарылуда. Соның айғағы, «Аманат» сайлауға бақылау жүргізу жөніндегі ұлттық қоғамдық платформасы аясында тәуелсіз бақылаушыларға арналған тренинг ұйымдастырылды.**

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

# БАҚЫЛАУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ТРЕНИНГ

Семинарда бақылаушыларға ОСК, кандидаттың сайлау штаб-пәтері және сайлауға қатысты аймақтарда заң бұзу фактісі тіркелсе, қандай әрекет жасау керектігі айтылды. Бақылаушы сайлау туралы заңнаманың орындалуын, айталық дауыс беру бөлмесінде үгіт-насихат материалдары болмауын, сайлаушымен бірге комиссия мүшесінің еріп кірмеуін қадағалауы қажет. «Аманат» азаматтық платформасында «Теңдік», «Саналы таңдау», «Әділдік», «Келісім», «Сенім» бағыты бойынша оқыту жоспарланған. Бұл бағыттар қоғамдық мониторинг жүргізу, сайлау мерзімі мен кезеңі, заңдық процестер туралы сайлаушыларға түсіндіру, саяси науқан туралы барынша ашық ақпарат тарату, әлеуметтік желіде әрбір сайлау бөлімшесі бойынша тәуелсіз бақылау жүргізіліп, оның барысы жарияланып тұру, қоғам мен мемлекет арасындағы тең ынтымақтастықты құру сынды талаптарға негізделген. Осы бес бағыт бойынша халықаралық ұйымдар, Орталық сайлау комиссиясы, жергілікті сайлау комиссиясы, Жоғарғы сот, жергілікті атқарушы орган, Бас прокуратура, кандидаттардың сайлау штабы, бұқаралық ақпарат құралдары, азаматтық және ғылыми-сараптамалық орталықтар өкілдерімен әріптестік орнатылады.

Тренингті танымал қоғам қайраткері, «Аманат» азаматтық платформасында 1-бағыттың кураторы Мұсағали Дуамбеков жүргізді. Семинардың модулі халықаралық талаптар мен тәжірибеге сай. Алдағы уақытта тренингке қатысушылар өзге аймақтарда бақылаушы міндеттері жөнінде дәріс беруіне болады.

# Жалағашта жаңа аурухананың іргетасы қаланды



Жалпы, облыс елді мекендерінде тек соңғы 2 жылда 24 денсаулық сақтау нысаны салынды. Олардың дені – ауылдық емханалар мен дәрігерлік амбулаториялар. Барлығы заманауи үлгіде жабдықталған, сондай-ақ, дәрігерлік амбулаториялардың жанынан күндізгі стационарлар ашылуда.

Осы күні облыс әкімі тағы бірқатар әлеуметтік және кәсіпкерлік нысанның тыныс-тіршілігімен танысты. Таң ауылдық округіндегі спорт кешені жобасын мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында «Таң LTD» ЖШС жүзеге асырды. Жыл басында қолданысқа берілген кешеннің дзюдо және таэквондо үйірмелерінде қазір 100-ге жуық оқушы жаттығып жүр. Жаңа нысанның жұмысымен танысқан аймақ басшысы балаларға спортты серік еткен адамның сергек әрі дені сау болатынын айтып, байрақты бәсекелерде жеңіс туын желбірете беруге тілектестік білдірді.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде Таң ауылында іске асырылған тағы бір жоба – мал сою және ет өңдеу цехы. Мұнда күніне 10 ірі қара сойылып, 500 келі ет өңделеді. Цех құрылысы өткен жылдың тамыз айында басталып, биыл мамырда аяқталды. Ғимаратта мал сою, ет кесу және бумалау бөлмелері, мұздатқыш орналасқан. Жауапты жұмысты ветеринар, технолог, зертханашылар атқарады.

– Біздің өнім әзірге өңір тұрғындарының тұтынуында. Алдағы уақытта нарық ауқымын ұлғайтып, басқа облыстармен байланыс орнатуға бекініп отырмыз, – дейді «АгроЛидерТаң» ЖШС директоры Сәкен Шағыртаев.

Облыс әкімі Жалағаш кентінде мамыр айында жұмысын бастаған «Jibek» қонақ үй кешенін де аралап көрді. Екіқабатты ғимаратта 4 кеңсе, 50 адамға арналған асхана, люкс санатындағы 3, эконом санатындағы 4 бөлме бар. Қонақүйде 5 адам жұмыс істейді.

Осы орайда аймақ басшысы шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыс жайына тоқталды. Биыл бизнесті дамытуда несиелер бойынша проценттік мөлшерлемені субсидиялау үшін 900 млн теңге, несиені ішінара кепілдендіру үшін 100 млн теңге қарастырылып отыр. Ағымдағы жылы арнайы жобаларды қаржыландыру мақсатында өңірлік инвестициялық орталыққа 1 млрд теңге бөлінді. Бұдан басқа, «Даму» қоры шағын және орта бизнесті қаржыландыруға 800 млн теңге қарастырып, бағдарламаны жүзеге асыруда. Онда кәсіпкерлер үшін жылына актық мөлшерлеме – 8 процент. Қаражат өңірлік инвестициялық орталық арқылы 5 жылға 10-нан 20 млн теңгеге дейінгі аралықта беріледі.

Облыс әкімінің жұмыс сапары аудан орталығында 2017 жылы ашылған «Өркен Әлем» ЖШС арнайы киім тігу цехында қорытындыланды. Цехтың қуаттылығы жылына 7000 данаға дейін бронды кеудеше тігуге жетеді. Онда қазіргі күні 24 адам жұмыс істеп жатыр.

1-бет.



**Жаңа ғасыр талабына сай жаһандық технологияны игеруде еліміздің орта мектептерінде жаратылыстану бағытын кеңірек оқыту тәжірибесі қолға алынғаны белгілі. Бұдан бөлек, облыста 2014 жылдан бері қалалық ішкі саясат бөлімінің әлеуметтік тапсырысы аясында академик Асқар Жұмаділдаев атындағы жас математиктер байқауы тұрақты өткізіліп, оған 150-дей жас дарын қатысатын.**

Ғазиза ӘБІЛДА.

# Академик атындағы байқау




Ал, биылғы жылдан бастап бұл байқау халықаралық деңгейде өтеді. Осыған орай қалалық ішкі саясат бөлімі өңірлік коммуникациялар қызметінде арнайы брифинг ұйымдастырып, келелі бастама жайлы кеңірек хабардар етті.

Брифингте математика пәні мұғалімдерінің қазақстандық ассоциациясының президенті Қайрош Мақышов, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі Асқар Жұмаділдаев, көршілес Ресей және Өзбекстан мемлекеттерінің өкілдері Владимир Васильевич Жук, Шухрат Исмайлов сөз алып, халықаралық байқаудың басты мақсаты – жастардың осынау күрделі ғылымға деген қызығушылығын ояту екенін айтты. Биылғы Жастар жылы аясында математика саласы ғалымдарының жас мамандарға арналған оқу курстарын ұйымдастыру шаралары қолға алынып отыр.

Жиында сөз алған академик А.Жұмаділдаев жас ұрпақтың келешегі үшін жаратылыстану ғылымын тереңдетіп оқыту, сол арқылы жаңа технологияны жан-жақты меңгеріп, ғылыми жетістіктерге қол жеткізу қажеттігін, жас математиктер байқауының негізгі ұстанымы осы екенін айтты. Осынау бастамаға қолдау көрсеткен облыс әкіміне алғысын білдірді.

– Айта кетейік, бұл байқау республика көлемінде алғаш рет Қызылорда облысында жүзеге асырылып отыр. Тіпті ТМД елдері арасында да бұл салада дәл осындай дәйекті жұмыстар қолға алына қойған жоқ. Сондықтан халықаралық байқаудың болашағы зор деп сеніммен айтуымызға болады. Олай дейтінім, осы өткелі отырған алғашқы байқауға 800-дей өтініш келіп түсті. Оның ішінен 18-35 жас аралығындағы 100-ден астам үміткер байқауда бақтарын сынайтын болады. Бірінші жүлдеге – 1 млн теңге тағайындалды. Бұл жас дарындар үшін жақсы қолдау. Сол секілді, байқауға қатысушылар үшін барлық қажетті жағдай жасалған. Биылғы байқауда еліміз бен көршілес Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей мемлекеттерінен қатысушылар бар, – дейді академик.

Математика пәні мұғалімдерінің қазақстандық ассоциациясының президенті Қайрош Мақышов білім беру саласында 35 жылдан бері еңбек етіп келе жатқанын, өз тәжірибесі бойынша математика саласында ғылым жолына түскендер қатары аз екенін айтады.

– Сыр өңірінен бастау алған А.Жұмаділдаев атындағы халықаралық жас математиктер байқауының болашағы зор. Бүгінгідей техникалық мамандықтарға сұраныс артып тұрған кезеңде бұл бастама ғылымның өрістеуіне де жол ашады деген ойдамыз. Байқауда берілетін есептерді әріптесіміз Владимир Васильевич Жук әзірлеген. Өте күрделі тапсырмалар. Қатысушылар есепті шеше алмаған күннің өзінде жан-жақты талдау жасауды, осылайша ойды тұжырымдауды үйренетін болады, – дейді Қ.Мақышов.

Айта кетейік, байқау 14 мамырда Назарбаев зияткерлік мектебінің базасында өтті. Байқау қорытындысы алдағы уақытта белгілі болады. Сол күні ҚМУ-дің «Студенттер сарайында» Қазақстан ұлттық ғылым академиясының академигі А.Жұмаділдаев жас математиктерге лекция оқыды.


## Хабарламалар

«ПетроҚазақстан Венчерс Инк.» ҚФ 2007 жылдың 28 маусымындағы №204-п «Қоршаған ортаға әсерді бағалау жүргізу жөніндегі нұсқаулықтың» 52-тармағына сәйкес «Оңтүстік-Шығыс Досжан кен орнын игеру жобасы» жобалық құжатының «Қоршаған ортаға әсерін алдын ала бағалау жобасын» талқылау барысында қоғамдық пікірді есепке алудың жазбаша ұсыныстар мен ескертулер қабылдау түрінде жүргізілетіндігін хабарлайды.

Жоғарыда көрсетілген жоба бойынша барлық сұрақтар төмендегі мекен-жай бойынша қабылданады:

Тапсырыс беруші – «ПҚВИ» ҚФ. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Қонаев к., 4, байланыс тел.: 8(7242) 29-98-91. Адранов Азамат Алматович. Электрондық пошта / e-mail: Azamat.Adranov@petrokazakhstan.com.

Жобаны әзірлеуші – «МұнайгазҒЗЖИ» АҚ, байланыс тел.: 8(7292) 600208 вн:258. Дана Альдешева. Электрондық почта: alded1@nipi.kz

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Венчерс Инк.» компаниясының филиалы «Оңтүстік-Шығыс Досжан кенішін жайластыру. АСҚҚ орнату» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

**Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-91-92.**

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (19-33) «Құмкөл Оңтүстік-Шығыс бөлігі кенішінде ТҚ-4 қондырғысынан 12" газ коллекторына дейін газ құбырын тарту» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

**Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-91-92.**

***

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (19-03-03) «Қызылқия кеніщіндегі 154, 155, 156, 157, 158, 360 ұңғымаларына баратын кірме автожолдар салу» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

**Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-91-92.**

## Электр энергиясы тұтынушыларының назарына!

2019 жылдың 16 мамырынан бастап 31 мамыр аралығында жергілікті уақытпен сағат 8.30-дан 18.30 аралығында «Қызылорда қаласындағы электр желілері жүйесін жөндеу» бағдарламасы бойынша КРЭК АҚ тарапынан монтаждық жұмыстары жүргізілетіндігіне орай төмендегі көшелер мен объектілердің электр жарығы сөндірілетіні хабарланады.

1. Қарабалаев, Сексенбаев, Абай, Маханбет ТП -252;
2. Меңлібай, пер. Қызылжарма, 1,2 пер Абай, ТП-499;
3. 144 орта мектебі, ТП – 312;
4. Жақаев, Алимов, пер. Жақаев, ТП-226;
5. Уәлиханов, ТП- 397;
6. Ұстабаев, Нысанбаев, Бейсенбаев, ТОО Аквалайн, ТП-222;
7. Амангелді, Жақаев, ТП-227;
8. Әл-Фараби, ТП 422;
9. Хон Бен До, ТП-190;
10. Сексенбаев, Маханбет, ТП-224;
11. Спец Авто Ваз, ТП-122;
12. Титов, 9,10, 12,17, 22, ТП-385;
13. Титов 18,19,20, ТП-59;
14. Әшірбеков, Тұрлықұлов, Әл-Фараби, ТП-396;
15. Жұлдыз, Әшірбеков, ТП-251;
16. Чижа-Сан-Тина, ТП-362;
17. Ақмарал шағын ауданы, 8 март, 7 май көшелері, ТП-380;
18. Торайғыров, Восточная, Медетбаев к-сі, ТП-331;
19. Достоевский, Торайғыров, Восточная, Медетбаев, 222 орта мектебі, ТП-379;
20. Достоевский, Техникумский, Майлин, Комментарий, Қызылжарма, ТП-264;
21. Тайманов, Чижа-Сан-Тина, Бокаев, ТП-50;
22. Шәкәрім, Лапин, Баязитов, пер Мира, ТП-92;
23. Тайманов, Лапин, Баязитов, ТП-52;
24. Тайманов кішіэтажды үй, ТП-148;
25. Күлтекенов, ТП-56;
26. Молдағұлова, Марал Ишан, ТП-49;
27. пер. Мира, ТП-30;
28. Тоқтаров, ТП-151,ТП-152;
29. 212 орта мектебі, спорт мектебі, КНС, Күлтекенов, ТП-326;
30. Ертөстік балабақшасы, ТП-65;
31. Күлтекенов, Сыздықов, ТП-9;
32. Шәкәрім, Дулатов, ТП-93;
33. Шәкәрім, ТП-94;
34. Титов, Ж/Д 29, ТП-268;
35. Сарысу, ТП-525.

(ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінен 2009 жылдың 14 шілдесінде №000498 мемлекеттік лицензиясы берілген)


## Журналист Сағитжан Бермағанбетов атындағы сыйлық туралы ЕРЕЖЕ

**Жалпы ереже**

1. Журналист Сағитжан Бермағанбетов атындағы сыйлықты иеленушілерге арналған «Ең үздік жас журналист» байқауы облыстық деңгейде ұйымдастырылады.

2. Байқаудың үйлестірушісі және ұйымдастырушысы Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы.

**Байқаудың мақсаты:**

3. Жас журналистердің шығармашылығының дамуына қолдау көрсету.

4. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту.

**Байқау төмендегі тақырыптар бойынша қабылданады:**

1) Ұлы даланың жеті қыры.
2) Облыста кәсіпкерліктің дамуы.
3) Жастар жылы – жаңа мүмкіндіктер кезеңі.

**Байқауды ұйымдастыру және оған қатысушыларға қойылатын талаптар:**

5. Байқауды ұйымдастырып, өткізу мақсатында Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы жанынан Ұйымдастыру комитеті құрылады. Ұйымдастыру комитетінің құрамын Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы бекітеді.

6. Байқау 2019 жылғы 20 мамыр мен 15 маусым аралығында жарық көрген жарияланымдарды, эфирден өткен хабарларды қамтиды.

7. Байқауға жасы 30-ға дейінгі бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істейтін тілшілер мен тәуелсіз қаламгерлер қатыса алады.

8. Байқау материалдарды жарияланған күйінде (газет-журналдар беттерінде, бейне және аудиотаспалар түрінде ) тиісті баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдары жетекшілерінің ұсынысы бойынша қабылданады.

9. Байқау материалдарын сараптау барысында тақырыптың өзектілігі және маңызы, мазмұнның ашылу тереңдігі, шынайылығы, жанрлық шарттарға сәйкестігі, жаңа әдістерді қолданысқа енгізе білуі, тілі және стилінің ұғынықтылығы, журналистік шығармашылық әдістерінің ерекшелігі, тың ақпаратты сараптау мен зерттеу әдістерін енгізе білу ерекшелігі, ұтымды қолдана білуі есепке алынады.

10. Байқауға қатысушылар Ұйымдастыру комитетіне (Қызылорда қаласы, С.Бейбарыс көшесі, 1, Қызылорда облысы әкімдігі ғимаратының № 313-бөлмесі, байланыс телефондары: 8 (7242) 60-53-21, мынадай құжаттарды қоса жібереді

1) Төмендегі деректер көрсетілген өтініш:

- автор туралы мағлұматтар/туған жері, күні, айы, жылы;
- жұмыс немесе оқу орны, қызметі, тұрғылықты мекен-жайы, байланыс құралдары және 3х4 суреті.

2) байқау материалы жарияланған газет, журналдың көшірмелері (сканер арқылы), теле-радио бағдарламалардың DVD, CD форматындағы дискілерге жазылған нұсқасы (қағазға түсірілген нұсқасымен бірге)

11. Байқауға жіберілген материалдар авторларға қайтарылмайды.

12. Байқауға ұсынылған материалдарды қазылар алқасы бағалайды.

**Байқауды өткізу және қорытындысын шығару тәртібі:**

13. Байқау үш кезеңнен тұрады.

1) 2019 жылғы 15 маусымнан 20 маусымға дейін – байқауға қатысушылардан материалдарды қабылдау.

2) 2019 жылғы 21 маусымнан 23 маусымға дейін – материалдарды сараптау және жеңімпаздарды анықтау;

3) 2019 жылғы маусым айының соңғы аптасы – байқау жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі.

14. Байқау жеңімпаздары Қызылорда облысы әкімдігі тарапынан дипломмен, арнайы сыйлықтармен марапатталады.


## Хабарландыру

Ұйым қала орталығында және қоғамдық қалалық көлік аялдамаларына (автобус) және асфальтталған жолға жақын орналасқан, жаяу жүргіншілер мен көлік ағындары жағынан жақсы көрінетін кемінде 4000 шаршы метр алаңмен офистік үй-жайды жалға іздейді. Үй-жайда келушілерге арналған ресепшн залы, санитарлық тораптар, қосалқы үй-жай, орталық су құбыры мен кәріз, күзет пультіне қосылған ішкі және сыртқы бейнебақылау жүйесі, ғимарат ішінде және аумақтық жерлерде аптасына 7 күн тәулік бойы күзетілуі, кіреберіс жолы мен тұрағы, персоналдың машиналарына және келушілерге арналған тұрақ болуы тиіс. Ғимарат өрт қауіпсіздігі нормаларына, сондай-ақ ҚР-ның барлық нормаларына сәйкес болуы тиіс. Жалдау ақысының құны коммуналдық шығыстарды қамтуы тиіс.

**Толық ақпаратты мына мекенжайдан білуге болады: Қызылорда қаласы, Қорқыт ата көшесі, 123. Байланыс тел.: 8(7242)70-12-14.**

## Жарамсыз деп есептелсін

Каримбаев Айдос Шаукетовичтің атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, «Башпай» өңірінде орналасқан жер учаскесіне берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісінің (кадастрлық №10-156-096-037, №0115186 21.02.2006 ж.), жер учаскесін сатып алу-сату шартының (№6 31.01.2006 ж.) түпнұсқалары жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.


## 2019 жылдың мамыр-маусым айларына арналған Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшыларының жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар өкілдерін қабылдау кестесі

| Лауазымы | Т.А.Ә. | Қабылдау күні | Мекен жайы | Қызметтік телефон |
|---|---|---|---|---|
| Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы | Орынов Ғалымжан Қалдыкөзұлы | 05.06.2019жыл | Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 64 «Г» Кабинет №401 | 23-81-14 |
| Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары | Қалдарбеков Мұса Оспанұлы | 21.05.2019жыл 11.06.2019жыл | Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 64 «Г» Кабинет №401 | 23-81-14 |
| Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары | Бимурзаев Нұрлыбек Шонжарұлы | 03.05.2019жыл 28.06.2019жыл | Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Ш.Есенов көшесі 16 Кабинет №202 | 21-58-27 |

**Қабылдау сағат 15:00 - 18:00 сағат аралығында жүргізіледі. Қабылдауға жазылу 8 (7242) 23-81-14, 21-50-88, 21-58-27 телефондары бойынша. E-mail:obch@taxkzil.mgd.kz; kzl. priemnaya2@kgd.gov.kz**

Әсел ДӘЛИЕВА,
тоғызқұмалақтан тоғыз дүркін әлем чемпионы:

# «Тоғызқұмалақ – ойын ғана емес, баға жетпес қазына»



**Сыр бойының түлегі, «100 жаңа есім» жобасының жеңімпазы Әсел Дәлиева жақында тоғызқұмалақтан әлемнің 9 дүркін чемпионы атанды. Төл ойынның шебері ғана емес, насихатшысына айналған ол ой жарысының құпиясы жайлы «Шеберлер талдауы» атты жинақ шығарды. Спортшының бұл еңбегі төрт тілде жарық көріп отыр.**

**Чемпионды жеңісімен құттықтап, сұхбаттасудың сәті түсті.**

***– Әсел, «100 жаңа есім» жобасының алғашқы жеңімпазының бірісіз. Бұл жеңіс сіз үшін қандай мүмкіндіктерге жол ашты?***

– Тәуелсіз еліміздің жаңа есімдерін танытуды мақсат еткен бұл жоба барша жұрттың назарында болды. Жобаға қатысу, жеңімпаз атану мен үшін жаңа белестерді бағындыруға, алдыма биік мақсат қоюға ықпалын тигізді. Тіпті, жаңа жобаның алғашқы жеңімпаздарының бірі атану ұмытылмастай қуанышты сәт болды және маған үлкен жауапкершілік жүктегендей сезімде болдым. Жеңімпаздар қатарында тұрып тәуелсіз ел дамуына алда қандай үлес қосамын деген сұрақ мазалайтыны сөзсіз. Бұған дейінгі жетістігімді бағалап, ел менің есімімді даралап, мақтаныш етіп жатса, елімнің атын аспандату үшін тек алға ұмтыла бергің келеді.

***– Жақында тоғызқұмалақтан 9 дүркін әлем чемпионы атанып, тағы бір жеңісті бағындырғаныңызды қазақ елі сүйіншіледі.***

– Әлем чемпионатына қатысуға шәкіртім Лина Каримовамен бірге 8 ай бойы дайындалдық. Бір-бірімізге мықты қарсылас ойыншы болып дайындық жүргіздік. Бұл жеңіс – үлкен еңбектің жемісі. Өзім тоғызқұмалақ ойынының классика түрінен, шәкіртім Лина тоғызқұмалақтың рапид түрінен әлем чемпионы атандық. Әрине, қайсыбір жеткен жетістік маңдай тер еңбекпен, үлкен дайындық нәтижесімен келетіні белгілі. Алла қаласа мен үшін Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген жаттықтырушы атағын алуға аз қадам қалды. Бұл атақ әлем чемпионын дайындаған жаттықтырушыларға беріледі. Бұл орайда менің шәкіртім екі дүркін әлем чемпионы.

***– Бұл жолғы чемпионат қалай өтті? Тоғызқұмалақ ойынына өзге елдердің қызығушылығы қалай?***

– Әлем чемпионаты Түркияның Анталия қаласында 26 сәуір мен 4 мамыр аралығында өтті. Әлемнің 16 елінен 80-ге жуық спортшы бақ сынасты. Қай чемпиоанатта болмасын қырғыз бауырлар өте мықты бәсекелес саналады. Бүгінде Моңғолия да биік белестерді бағындыра бастады. Сондай-ақ Украина мен Чехия елінен келген спортшылар чемпионатқа жақсы дайындықпен келді. Жалпы, тоғызқұмалақ ойынына қызығушы елдер қатары жылдан-жылға көбейіп келеді. Тіпті, үйренуге ықылас танытып, шеберлік сабағын өткізуді сұрайтындар да аз емес.

***– Жақында тоғызқұмалақ ойынына арналған «Шеберлер талдауы» атты еңбегіңіз 4 тілде жарық көрді. Мұндағы мақсатыңыз...***

– Өткен жылы тоғызқұмалақ ойынының түрлерін бір жинаққа енгізіп, шығарған едім. Содан кейін көптеген жаттықтырушылар қосымша кітап сұрады. Сұранысқа сай жақсы бір кітап дайындауды қолға алдым. Бұл кітапта үш әлем чемпионының өз ойындарын талдау нәтижесі енгізілді. Кітап өте қызықты деп есептеймін. Бұл еңбек тоғызқұмалақ ойнап жүргендерге және жаттықтырушыларға арналған. Сұраныс өте жоғары болды. Қазақ тілінде басылған алғашқы тираж толығымен сатылып, екінші мәрте шығардым. Алдағы уақытта тоғызқұмалақтың әдіс-тәсілдерін меңгеруге және жас спортшылардың деңгейін көтеруге арналған кітап жазсам деген мақсатым бар. «Шеберлер талдауы» кітабының ағылшын, түрік тіліне аударылуы сұранысқа сай болды. Бұл еңбегіме шетелдіктер жақсы пікір білдірді. Бұл да мені қанаттандырды.

***– Чемпион тәрбиелеп жүрген жаттықтырушысыз. Жас өрендердің тоғызқұмалаққа қызығушылығы қандай?***

– Шәкірт тәрбиелеп жүргеніме 4 жылдай болды. Кәсіби түрде түрлі деңгейдегі жарыстарда бақ сынайтын жиырмаға жуық шәкірт дайындаудамын. Жастардың қызығушылығы өте жоғары деп айта аламын. Бұл мені қуантады. Лина бастаған шәкірттерім талай биік белестерді бағындырып жүр. Өзімнің тоғызқұмалақ ойынының басы-қасында жүргеніме 20 жылдай болды. Бұрын ақпараттың кемдігінен болар, қызығушылық өте аз болса, қазір көпшіліктің бұл ойынға көңіл бөлуі өте жоғары деңгейде.

***– Төл ойынға қандай сипаттама берер едіңіз?***

– Сан мыңжылдық тарихы бар құндылық болғандықтан тәрбиелік мәні зор дер едім. Адамның ойын жетілдіруге, алдын ала болжауға үйретуге, төзімділікке, қайраттылыққа жетелейді. Есептей алуға, сергектікке баулитын бұл ойын нағыз ақыл-ой жаттығуы дер едім.

Тарихы терең, даму жағынан жас ойын саналатын тоғызқұмалақ спорт түрі ғана емес, ата-бабамыздан бізге жеткен құндылық дер едім. Үйренуге, білуге, сұранысқа ие спорт түрі. Тоғызқұмалақ ойынын дамытуға үлес қосып жүргенімді мақтан етемін. Келешекте төл ойынды бүкіл әлем танитындай дәрежеге жеткіземіз деген үмітім бар.

***– Сұхбатыңызға рахмет.***

**Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.**
**«Сыр бойы».**

# Отбасы – басты құндылық

**15 мамыр - халықаралық отбасы күні. Атаулы күнді 1993 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы бекіткен. Мереке қарсаңында “Достық үйінде” облыстық ҚХА жанындағы Аналар кеңесінің кеңейтілген отырысы болып өтті. Оған кеңес мүшелері, этномәдени бірлестіктердің белсенділері, көпбалалы аналар, отбасы, әйелдер мәселелерімен айналысатын ҮЕҰ басшылары қатысты. Шараның мақсаты – отбасы құндылықтарын жастар арасында дәріптеу.**

**Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.**



Жиын “Татулық табыс кілті” ҚХА туралы видеороликті тамашалаудан бастау алды. Мұнан соң «Қоғамдық келісім» КММ директорының орынбасары Рахима Ахметова шараға қатысушыларды мерекемен құттықтаса, “Рухани жаңғыру” орталығының бөлім басшысы Әлима Әбдіқалықов, ұлттық құндылық, бала тәрбиесіндегі отбасы рөлі секілді маңызды мәселелерді сөз етті.

Бұдан бөлек, “Ақ босаға” қоғамдық бірлестігінің төрайымы М.Аңсатова, облыстық татар этномәдени бірлестігінің белсендісі Р.Смаханова, өзбек этномәдени бірлестігі төрағасының орынбасары М.Абдугафарова, “Қыз Жібек” қыздар клубының басшысы Н.Аймаханова, “Жомарт” еріктілер үйі ҚБ жетекшісі Майя Наримова сөз алып, өз ойларын ортаға салды. Сондай-ақ, қоғамда жиі орын алып жатқан ажырасу, бала тәрбиесіндегі кемшіліктер, ата-анаға құрмет, кішіге ізет көрсету секілді мәселелерді тілге тиек етті.

Шара соңында Аналар кеңесінің белсенділері арнайы алғыс хатпен марапатталды.

# Марафоншы Мейірхат

**Алматы қаласында ұзақ қашықтыққа жүгірушілер арасындағы халықаралық жарыс 2011 жылдан бері тұрақты түрде өткізіліп келеді. Жүздеген адамдар қатысатын осы бәсекеге бұған дейін облыстан үміткерлер болған жоқ. Ал биыл «Смелость быть первым» атты қайырымдылық қоры ұйымдастыратын аталған жарысқа Шиелі ауданынан Мейірхат Әбдірахманов есімді жігіт қатысып, тәп-тәуір нәтиже көрсетті.**



Биылғы марафонға 53 мемлекеттен 17000 адам келген. Қатысушылардың жарымынан астамы ерлер, қалғаны әйелдер. Ең жасы үлкені 82-де. Жарыс түрлі қашықтықта ұйымдастырылып, озық шыққандарға 73 медаль берілді.

– Мен 4000 адам жарысқа түскен 21 шақырымдық марафонға қатыстым. Нәтижесінде мәреге 135-ші болып келіппін. Көрсеткішім – 1 сағат 39 минут. Мұны алғашқы бастаушылар үшін жақсы көрсеткіш деп бағалады сарапшылар. Шынымды айтсам, бұрын ешқандай спортпен шұғылданған емеспін. Интернет арқылы осы марафонмен айналысып көруді шешіп, кірісkеніме 4 айдың ғана жүзі болды. Александр Раура атты жаттықтырушының көмегіне сүйенемін. Аптасына 5 күн жүгіріп жаттығамын. Кемінде күніге 8 шақырымға, кей күндері онан да көп жүгіруге тырысамын. Әзірге аяқ алысым жаман емес секілді, өзіме қуаныш сыйлайды, – дейді №6 кен басқармасында аппаратшы болып жұмыс істейтін жерлесіміз.

Жас жігіттің талабына нұр жаусын. Кейінгі буынның бос жүріс пен пайдасыз іспен уақыт өткізбей, осылай салауатты өмір салтына бой ұрып, шымыр болып өскені қоғам үшін пайдалы.

**Нұрмахан ЕЛТАЙ.**
Шиелі ауданы.

**Таяуда облыстық филармония залында қайырымдылық негізде орыс ақыны Н.Гернеттің «Балапан қаз» туындысы қойылды. 15 мамыр – Халықаралық отбасы күніне орай «Шуақты бөбек» қоғамдық қорымен бірлесе ұйымдастырылған шарада «Әдемі» балалар музыкалық театр-студиясының аутизмі бар балаларға арналған орталық емделушілері мен балабақша бүлдіршіндеріне арналған қойылымынан көрермендер көңілдерін бір серпілтті.**

# Балалардың көңілін аулады



Қойылымның мақсаты – балаларды достыққа, жамандық пен жақсылықты ажырата білуге тәрбиелеу. Сонымен қатар қойылым барысында әртүрлі ойындар ойнатылып, көрермен залы мерекелік көңіл-күймен тамашалаған балалардың күлкісіне толды.

– Қайырымдылық шарада өнер адамдары тағдырдан теперіш көрген балақайларға тарту жасауды мақсат етті. Қойылымды аталған мейрам аясында 18 мамыр күні «Атамекен» отбасылық үлгідегі балалар үйінде өткізуді жоспарлап отырмыз. Бұл жыл сайын дәстүрге айналып келеді, – деді «Әдемі» балалар музыкалық театр-студиясының көркемдік жетекшісі Құрманбек Боранбаев.

**«СБ» ақпарат.**

## САЛЫММЕН САҚТА САУЛЫҚТЫ

# Жұмыс кестеге сай

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалы жыл басынан бері медицина ұйымдарына 19,7 млрд теңге төледі. Бұл жалпы кепілдендірілген медициналық көмек пакеті шеңберінде бекітілген келісімшарт сомасының 46,6 %-н құрайды», – деп хабарлады «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Руслан Бектібаев.

2019 жылы МСҚ кепілдендірілген көмек түрлерін көрсетуге құлшыныс білдірген медицина ұйымдарымен 42,3 млрд теңгенің келісімшартын бекіткен болатын. Бұл өткен жылы бөлінген қаржыдан 8,5 % артық.

«Жұмыс кестеге сай жүріп жатыр. Бөлінген қаражат медицина мекемелерінің операциялық шығындарын өтеуге жеткілікті», – деді Р.Бектібаев.

Биылғы жылы облыс бойынша мемлекеттік тапсырысты 74 медицина ұйымы орындайды. Оның ішінде 44 жеке меншік клиника да бар.

Мемлекеттік тапсырысты орындап жатқан жеке меншік медицина ұйымдарының саны жағынан Шымкент, Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары, Қызылорда, Жамбыл және Қарағанды облыстары көш бастап тұр.

Естеріңізге сала кетсек, МСҚ 2018 жылдан бастап ТМККК және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) пакеттерінің қаржылық операторы болып табылады және халыққа көрсетілетін медициналық қызметтерді ҚР Үкіметі бекіткен тәртіп бойынша сатып алады.

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының халықты ақпараттандыру және өтініштерді қарау жөніндегі бөлімі.**




## Сатып аламыз

"Қызылорда Игілігі" корпоративтік қоры көлемі - 65 ш.м., салынған мерзімі - 2019 ж., жер телімі 6 сотықтан кем емес, бағасы - 4 500 000 теңгеден 100 жаңа тұрғын үй сатып алатынын хабарлайды.

**Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Тоқмағанбетов көшесі 27/68. Тел.: 8/724-2/ 40-12-14, 8-777-384-10-10.**

**(7-4)**

## Мәңгі жүрегіміздесің, асыл әке



Арал ауданы Қаратерең ауылының тумасы, Ақтөбе қаласының тұрғыны бірімізге асқар тау әке, бірімізге ақылшы ата, бірімізге аяулы ұстаз, қимас бауыр болған Шүйінішбайұлы Сағидулла 2019 жылдың 14 сәуір күні 89 жасында дүниеден өтті.

Әкеміз Сағидулла Шүйінішбайұлы 1930 жылы Арал ауданы Қаратерең ауылында дүниеге келген. Орал педагогикалық институтын қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітіріп, еңбек жолын 1947 жылы Қаратерең 7 жылдық мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болудан бастаған. Бекбауыл, Қасқақұлан, Тастақ мектептерінде ұстаздық қызмет атқарған. 1958-1990 жылдары №82 Қаратерең орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі болып, білім саласында 43 жыл еңбек етіп, 1990 жылы құрметті зейнет демалысына шықты. Талай толқынды тәрбиелеген ұстаз бірнеше рет медальдармен, құрмет грамотасымен марапатталып, халықтың қалаулысы, құрметтісі болды. Қазақ ССР Оқу министрлігінің «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» төсбелгісімен, «Еңбек ардагері», «Тыл ардагері» мерекелік медальдарымен марапатталды.

Әкеміз жүрегіне имандылық нұрын сіңіріп, намаз, ораза талаптарын бұлжытпай орындады. Тазалық пен тәртіпті, ұқыптылық пен ар-ұятты саналы ғұмырында ұл-қызының бойына үздіксіз егіп өткен әкеміз, өмір бойы Құран аяттарын көңілінен түсірмеген. Күн өткен сайын алтындай әкеміздің мейірімді жүзін, әкелік махаббатын аңсаудамыз.

Әкеміз Сағидулла Шүйінішбайұлы анамыз Ақжарқын Нәжімадинқызымен 51 жыл өнегелі ғұмыр кешіп, 3 ұл, 3 қыз тәрбиелеп, бәріне жоғары білім алып беріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, 16 немере,13 шөбере сүйді.

Асыл әке! Иманыңыз жолдас болып, мәңгілік мекеніңізге пейіш нұры себілсін. Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын. Оқылған аяттар қабыл болып, пейіште нұрыңыз шалқысын.

Осы жылдың 24 мамырында ауызашарға молдасы, 25 мамырда сағат 12.00-де 40 күндік садақасы Арал ауданы Қаратерең ауылында болатынын барша ағайын-туыс, құда-жекжат, дос-жарандарға, әкеміздің шәкірттеріне хабарлаймыз.

**Еске алушылар**
**Шүйінішбаевтар әулеті.**

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық қоғамдық кеңес және облыстық ардагерлер кеңесі еңбек ардагері, Жаңақорған ауданының құрметті азаматы
**Назарбек Шаухаманұлының**
қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
“АҚ” - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

**Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.** | **e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz** | **Таралымы 29258 Тапсырыс №725** | Кезекші редактор **Айдана ЖҰМАДИНОВА.**